

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін бекіту туралы" 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 1344 және "Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 933 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 20 наурыздағы № 164 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 1344 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесінде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 78) тармақшамен толықтырылсын:

"78) Қаракенгір өзеніндегі Кеңгір су қоймасы.";

2) "Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 933 қаулысында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Су кодексі 25-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылыстарының тізбесінде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 60) тармақшамен толықтырылсын:

"60) Қаракенгір өзеніндегі Кеңгір су қоймасы.".

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Астана;"

5-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Шығыс Қазақстан облысында Оба өзеніндегі гидроэлектр станцияларының каскады.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК